

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы анонимдік білдіріс иесінің уәжіне сәйкес, төмендегідей білдіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 15 сәуір 2020 жылғы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаңа COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялауына байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылғы 16 наурыздағы 08 сағат 00 минут пен 2020 жылғы 15 сәуірдегі 07 сағат 00 минут кезеңінде төтенше жағдай енгізу туралы қауылсына сәйкес, «ҚЭТТК» АҚ – ы өзінің жұмысшыларының өмірі мен денсаулықтарының сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында тиісті жұмыстар атқаруда.

«ҚЭТТК» АҚ – ның кестеге сәйкес реттілігі келіп тұрған бірнеше жұмыскері жыл сайынға ақылы еңбек демалысына жіберілді.

Одан бөлек, ҚР – ның Еңбек Кодексінің 139 – бабының талаптарына сәйкес, біршама жұмыскері айлық жалақылары сақталуымен, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, жұмыс процесін жұмыс беруші орналасқан жерден тысқары жерде жүзеге асырудың ерекше нысаны - қашықтықтан жұмыс істеуге көшірілді.

Тұрғындарды электр энергиясымен іркіліссіз қамтамасыз ету мақсатында, оперативтік диспетчерлік қызметінің және оперативтік шығу бригадасының жұмыскерлері, электр нысандары мен желілерін аралап тексеру жұмыстарын жүргізу мақсатында, бекітілген кестеге сәйкес, кезекшілікпен атқару режимінде өз жұмысын тоқтатқан жоқ.

Сондай – ақ, тиісті қызмет және бөлім басшылары мен кейбір жұмыскерлер, толық жұмыс уақыты үшін айлық жалақысы сақталуымен, қажеттілікке байланысты қысқартылған уақыт режимінде, тиісті қызметтерді атқару үшін келуде.

Сонымен қатар, қазіргі таңда, ғимарат бөлмелерін дезинфекциялау жұмыстарын жүргізу, санитарлық талаптарды қатаң сақтау шаралары күшейтілген және жұмыс орнына келетін жұмыскерлер арнайы мекеме медбикесімен арнайы тексеруден өткізіліп, сақтық шаралары тиісті түрде жүргізілуде.

Қазіргі таңда Альфа-смарт электр есептегіштері дұрыс жұмыс істемеуіне байланысты Қызылорда қаласының орталығында орналасқан көп қабатты үйлердің кіре берісінде орналасқан (подъезд) 0,4 Кв электр шиттарындағы электр есептегіштерді және Сабалак саяжайында бағана басына орнатылған электр есептегіштерді тексеріп ахауларын қайта қалпына келтіру үшін Мердігер "АСПМК-519" ЖШС қызметкерлерімен "ҚЭТТК" АҚ-ның Орталық және Тасбөгет АЭТ-ның қызметкерлері бірігіп электр есептегіштердің ахауларды жөндеп қалпына келтіру үшін жұмысқа шығарлып жатыр. Бұл қызметкерлер жеке тұрғындардың үйлеріне кірмейді және барлық санитарлық сақтық шараларды сақтап жұмыс жүргізеді. Аталған жұмыстар өз кезегінде электр есептегіштерді дұрыс жұмыс жасап халыққа тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында орындалуда.

«ҚЭТТК» АҚ-ның әкімшілігі.